

Дәріс 9. Этнос және ұлт әлеуметтануы

Сабақтың жоспары

1. Әлеуметтік топ түсінігі, топтың негізгі белгілері, түрлері.
2. Этнос және ұлт.
3. Инклюзия және этникалық бірегейлік

Дәрістің мазмұны

Кіріспе «Этнос және ұлт әлеуметтануы» тақырыбының өзектілігі қоғамдағы этникалық және ұлттық қатынастардың күрделенуі мен даму динамикасына байланысты ерекше маңызды. Бұл тақырып әлеуметтік құрылымдар мен топтар арасындағы қарым-қатынастарды, этникалық ерекшеліктер мен ұлттар арасындағы өзара байланыстарды зерттеуге бағытталған

Мақсаты — этникалық және ұлттық қатынастардың әлеуметтік құрылымдарын, олардың қоғамдағы рөлі мен әсерін зерттеу арқылы этносаралық бейбітшілік пен келісімді сақтау жолдарын анықтау.

Міндеттер:

- Этникалық топтар мен ұлттардың әлеуметтік құрылымдарын, олардың қоғамдағы рөлін зерттеу.
- Этносаралық қарым-қатынастарды, олардың себептерін және әлеуметтік шиеленістердің шешу жолдарын талдау.
- Ұлттық бірлік пен көпэтникалық қоғамда үйлесімділікті сақтау және этникалық теңсіздікті жою бойынша әлеуметтік саясатты зерттеу.
- Этникалық бірегейлікті сақтай отырып, инклюзия принципін дамыту.

Этнос және ұлт әлеуметтануы әлеуметтік ғылымдарда маңызды орын алады, өйткені ол этникалық топтар мен ұлттардың қоғамдағы құрылымы, өзара қатынастар мен олардың дамуы туралы терең түсінік береді. Бұл сала этникалық және ұлттық сәйкестіктердің қалыптасуын, олардың әлеуметтік, мәдени және саяси аспектілерін зерттейді, сондай-ақ этносаралық қарым-қатынастардағы шиеленістер мен бейбітшілікті сақтау жолдарын қарастырады. Қазіргі қоғамда этникалық топтардың интеграциясы мен ұлттық бірліктің маңызды мәселелері үнемі өзекті болып табылады, сондықтан этнос пен ұлт әлеуметтануының зерттеулері әлеуметтік теңдік, әділеттілік және тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін қажетті ақпарат береді.

Қорыта келе, этникалық және ұлттық қатынастарды зерттеу қоғамның көптүрлілігін түсінуге және оның ішінде үйлесімділік пен ынтымақтастықты нығайтуға мүмкіндік береді. Бұл тақырыптың өзектілігі, әсіресе жаһандану, миграция және көпэтникалық қоғамда бейбіт өмір сүрудің негізі ретінде мәдени және этникалық айырмашылықтарды құрметтеуді талап етеді.

1. Топ -мүшеліктің ресми немесе бейресми критерийлерімен шектелген индивидтердің (адамдар немесе заттардың) ұжымы немесе көпшілігі. Әлеуметтік топ оның мүшелері өзара рөлдер мен әрекеттерді қамтитын әлеуметтік интеракцияға қосылған кезде пайда болады. Мүшелік тұрғысынан әлеуметтік топтар салыстырмалы ашық және қозғалмалы (достар тобы) немесе жабық және қозғалыссыз (масондық ұйымдар) болуы мүмкін. Әлеуметтік топ — жеке тұлғалардың ортақ, ынтымақты, үйлескен іс-әрекетті жүзеге асырудағы қажеттіліктерін қамтамасыз ететін адамдар бірлестігінің, өзара әрекетінің негізгі түрі, бірігу дәрежесі әрқилы бірлестіктердің құрамын белгілейін өте кең ұғым. Жалпы, әлеуметтік топ ұғымы мүдделердің, құндылықтар мен жүріс-тұрыс нормаларының

ортақтығы мен айырмашылықтарына орай халықтың жіктелуін бейнелейді. Қазіргі әлеуметтік ғылымдарда әлеуметтік топтар ретінде таптар, сословиелер, таптар және сословиелер ішіндегі бөлімшелер, этникалық, кәсіптік, жыныстық, жас ерекшелігіне қарай, мекендік, тұтынушылық, діни, білімі бойынша және басқа да топтар қарастырылады.

Әлеуметтік топтар теориясында топтар үлкен, орта және кіші болып бөлінеді: Кең мағынасында Әлеуметтік топ ұғымы адамдардың кез келген әлеуметтік бірлесуін – отбасынан, құдастар тобынан елдің, тіпті, бүкіл адамзат қоғамына дейінгі түсінікті қамтиды. Бірақ әлеуметтануда көбіне тар мағынада - қандай да бір жеке, ұжымдық немесе қоғамдық мүдделер мен мақсаттарды жүзеге асыруды көздеген өзара әрекеттегі адамдар жиынтығы - қоғамның ішіндегі құрылым ретінде түсіндіріледі.

Әлеуметтік топ мүшелері өздерін осы топқа жатқызады және де басқалар да оларды сол әлеуметтік топтың мүшесі ретінде мойындайды (Р. Мертон). Әлеуметтік топ санына қарай үлкен және кіші; әрекет етудің ұйымдасуы мен реттелуіне қарай ресми және бейресми болып бөлінеді. 1. Үлкен әлеуметтік топтарға халықты қамтитын бірлестіктер кіреді, яғни олар: ұлт, этнос, сословиелер, таптар, әлеуметтік жіктер, жыныстық, жас ерекшелігі бойынша, діни және т.б. топтар. Үлкен топтар елеулі саяси ықпалға ие болғандықтан әр түрлі әлеуметтік қозғалыстардың базалық негізі болуы мүмкін. 2. Орташа топтар өндірістік, территориялық бірлестіктерден құрылады, олардың арасында әр түрлі мүдделер мен саяси бәсекелестік болуы мүмкін. 3. Кіші топтарға, ең алдымен, мүдделер ортақтығы негізінде пайда болатын тұрақты немесе уақытша ассоциациялар жатады. Отбасы, шағын өндірістік бірлестіктер, қоғамдық өмірдің әр түрлі ұйымдары кіші топтар түрлері ретінде есептеледі. Аталмыш барлық топтық бірлестіктер қандай дәрежеде болмасын қоғамның саяси өміріне қатысып, саясат субъектісі бола алады. Осы топтардың ішінде үлкен топтың қызметі ерекше.

Қоғамның этникалық құрылымын әлеуметтанудың этносоциология деген арнаулы теориясы зерттейді. Бұл теория қоғамның әр түрлі этностарының (яғни, ру, тайпа, халық және түрлі ұлт өкілдері) пайда болуын, мәнін, мазмұнын, олардың қоғамдағы атқаратын әртүрлі қызметін, араларындағы мәнді, тұрақты, қайталанатын, қажетті байланыстарды анықтап, жаңа заңдылықтарды ашады.

Этносоциология этникалық қауымдастықтың өмірі мен іс әрекеттерінің әлеуметтік жақтарын, ерекшеліктерін зерттейді. Этника деген ұғым этнос деген ұғымнан шыққан. Этнос грек тілінен аударғанда ру, тайпа, халық дегенді білдіреді. Этнос адамдардың тарихи этникалық тұрақтылық бірлігі. Бұл термин халық деген ұғымға жақын келеді. Осыдан келіп метаэтнос және субэтнос деген терминдер шығады. Этносоциология этникалық қауымдастықтың өмірі мен іс әрекеттерінің әлеуметтік жақтарын, ерекшеліктерін зерттейді. Этника деген ұғым этнос деген ұғымнан шыққан. Этнос грек тілінен аударғанда ру, тайпа, халық дегенді білдіреді. Этнос адамдардың тарихи этникалық тұрақтылық бірлігі. Бұл термин халық деген ұғымға жақын келеді. Осыдан келіп метаэтнос және субэтнос деген терминдер шығады.

Біріккен Ұлттар Ұйымының мәліметі бойынша, қазір жер бетінде 3 мыңнан астам ұлт өкілдері әлемнің 220 мемлекетінде өмір сүреді екен. Этностар мәңгілік өмір сүрмейді, олар туады, дамиды, кетеді. Мұндай процесті этноәлеуметтану теориясында этногенез деп атайды. Этногенез ұғымын ең алғаш рет ғылыми айналымға енгізген Л.Н. Гумилев болатын. Біріккен Ұлттар Ұйымының мәліметі бойынша, қазір жер бетінде 3 мыңнан астам ұлт өкілдері әлемнің 220 мемлекетінде өмір сүреді екен. Этностар мәңгілік өмір сүрмейді, олар туады, дамиды, өледі. Мұндай процесті этноәлеуметтану теориясында этногенез деп атайды. Этногенез ұғымын ең алғаш рет ғылыми айналымға енгізген Л.Н. Гумилев болатын.

Этникалық қауымдастық дегеніміз - белгілі бір ұлт өкілдерінің ұзақ уақыт бойы белгілі бір аймақта өмір сүретін адамдар тобы.

Әлеуметтік-этникалық қауымдастықты біріктіретін факторлар:

- Тілдің ортақтығы
- Мінез-құлық ережесі-менталитет

- Жер мен мәдениет ортақтығы

Этникаалық қауымдастықтардың түрлері Тобыр - туыстық және әлеуметтік белгілері бойынша топтасқан адамдар тобы Ұлт - адамдардың материалдық, территориясы мен экономикалық және тілі мен мәдениетінің негізінде топтасқан адамдар тобы Халық – белгілі бір аймақта шоғырланған түрлі этнос өкілдерінен құралған адамдар жиынтығы. Саяси лексикада, көбіне ғылыми әдебиетте этнос және ұлт түсінігі синоним ретінде қолданылады, өйткені "этнос" "этникалық" ұғымдары этникалық жіктелім үшін базалық болып табылады, ал "ұлт" ұғымы көбіне адамдардың этникалық тұтастығының мемлекеттік формасы ретінде анықталады.

Нарықтық қатынастар жағдайында Қазақстандағы ұлтаралық қатынастар Қазақстан егемендігін алғаннан кейін жағдай көп өзгере бастады. Қазіргі нарықтық жағдайда Қазақстанда тұратын ұлттар, ұлыстар қоғамдық өмірдің қай саласында болмасын билікке, теңдікке, еркіндікке, бостандыққа қол жеткізді. Ұлттар арасында сенімділік, ынтымақтастық, келісушілік, түсінушілік күшейе түсті. Олардың арасындағы алуан түрлі қатынастар қоғам бірлігін, тұтастығын күн сайын дамытып жетілдіруде. Ұжымдарда, фирмаларда, мәдени орталықтарда, білім ордаларында, шаруашылықта алуан түрлі ұлт өкілдері бір адамдай еңбек. Мұның өзі республикада тұратын 130-дан астам ұлт өкілдерінің одан әрі дамып, әл ауқатының жақсара беруіне зор кепіл болып есептеледі.

Инклюзия (қоғамға кірігу) — барлық азаматтардың әлеуметтік, экономикалық және мәдени процестерге толық қатысуын қамтамасыз ететін саясат пен практика. Этникалық бірегейлік болса, әртүрлі этникалық топтардың өзіндік мәдениетін, тарихын және тілін сақтау мен дамыту құқығын білдіреді.

Инклюзияның маңызы:

1. Әлеуметтік теңдік: Инклюзияның басты мақсаты — қоғамның барлық мүшелері үшін тең құқықтар мен мүмкіндіктерді қамтамасыз ету, кемсітушілікке жол бермеу.

2. Әлеуметтік қатысудың кенелуі: Әрбір этникалық топтың, мәдениеттің және тектің өз мәдениеті мен дәстүрлерін сақтау және оларды қоғамдағы жалпы құрылымға енгізу арқылы барлық топтар арасындағы өзара түсіністік пен ынтымақтастықты арттыру.

3. Қоғамның тұрақтылығы: Инклюзивті қоғам түрлі этникалық топтардың бейбітшілікте өмір сүруін қамтамасыз етіп, әлеуметтік тұрақтылықты нығайтады. Инклюзия арқылы мәдени әртүрлілік дұрыс басқарылып, барлық топтардың әлеуметтік ортаға қосылуы қамтамасыз етіледі.

Этникалық бірегейліктің маңызы:

1. Өзіндік мәдениет пен тілдің сақталуы: Этникалық бірегейлік әрбір этникалық топтың өзіндік мәдениетін, тілін, дәстүрін сақтауға мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде топтың өзін-өзі анықтауына, қадір-қасиетіне негіз болады.

2. Ұлттық және этникалық сәйкестік: Этникалық бірегейлік адамның жеке және топтық идентификациясын анықтайды, оның әлеуметтік және мәдени бейнесін қалыптастырады. Бұл әсіресе көпэтникалық қоғамдарда маңызды, өйткені этникалық бірегейлік пен көптүрлілік қоғамның бөлшектенуіне емес, керісінше бірігуіне көмектеседі.

3. Қоғамдық келісім мен үйлесім: Этникалық бірегейлікті құрметтеу ұлттық және этникалық топтар арасында келісім мен бейбітшілікті қамтамасыз етеді. Қоғамдағы этникалық бірегейлік пен мәдени айырмашылықтарды қабылдау ынтымақтастықты арттырады.

Инклюзия және этникалық бірегейлік арасындағы байланыс:

Инклюзия мен этникалық бірегейлік бір-бірімен тығыз байланысты. Инклюзия қоғамдағы барлық этникалық топтар үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуді мақсат етсе, этникалық бірегейлік әрбір топтың өзіндік ерекшеліктерін сақтауға және құрметтеуге бағытталған. Осылайша, инклюзия этникалық бірегейлікті қолдай отырып, барлық топтар үшін тең құқықтар мен бірегейлікті сақтайтын орта қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Инклюзия және этникалық бірегейлік — қазіргі заманғы көпэтникалық және көпмәдениетті қоғамда өте маңызды аспектілер. Әрбір этникалық топтың өзіндік

мәдениетін, тілін және дәстүрін құрметтеу арқылы инклюзивті қоғам құру мүмкін болады. Бұл өз кезегінде барлық этникалық және мәдени топтардың тең құқықтар мен мүмкіндіктерге ие болуын қамтамасыз етіп, әлеуметтік үйлесім мен бірлікті нығайтады.

Тақырып бойынша бақылау сұрақтары:

1. Этнос ұғымын қалай түсіндіресіз және ол қоғамның құрылымындағы рөлін сипаттаңыз?
2. Ұлт әлеуметтануы неге маңызды және ұлттың қалыптасуы мен дамуына қандай әлеуметтік факторлар әсер етеді?
3. Этникалық және ұлттық сәйкестіктердің әлеуметтік қарым-қатынастарға әсері қандай?
4. Инклюзия ұғымы қоғамдағы әртүрлі этникалық топтардың әлеуметтік қатысуын қалай қамтамасыз етеді?
5. Этникалық топтар арасындағы шиеленістер мен конфликтілердің алдын алу үшін қандай инклюзивті шаралар қабылдануы мүмкін?
6. Этникалық бірегейлік пен инклюзия арасында қандай өзара байланыс бар және олар қоғамдағы бейбітшілік пен ынтымақтастыққа қалай ықпал етеді?
7. Көпэтникалық қоғамда ұлттық бірлік пен этникалық топтар арасындағы теңдікті сақтау үшін қандай әлеуметтанулық саясат қажет?

Әдебиет:

1. Бринкерхоф Д., Уейте Р., Ортега С. Әлеуметтану негіздері. Алматы, Ұлттық аударма бюросы, 464 б., 2018
2. Ритцер Д., Степнички Д. Әлеуметтану теориясы. Алматы, Ұлттық аударма бюросы, 856 б., 2018
3. Биекенов К.У., Биекенова С.К., Кенжакимова Г.А. Социология: Уч.пособие. – Алматы: Эверо,2016. – 584с.
4. Әбдірайымова Г.С. Жастар социологиясы: оқу құралы. 2-басылым. – Алматы: "Қазақ университеті", 2012. – 224б.
5. Социология. Основы общей теории: учебник / Под ред. Г.В. Осипов, Л.Н. Москвичев. - 2-е изд., испр. и доп. - М.: Норма, 2015. - 912 с.
6. Macionis J. Society: The Basics. Pearson, 2016.
7. Ройс А. Синглтон, Брюс С. Стрэйтс Әлеуметтік зерттеу әдістері — Нұр-Сұлтан : «Ұлттық аударма бюросы», 2020. — 814 б.
8. М. Коннолли, Л. Хармс, Д. Мэйдмент Әлеуметтік жұмыс: контексі мен практикасы— Нұр-Сұлтан : «Ұлттық аударма бюросы», 2020. — 382 б.